

# БАЛА ӘЛЕМІ

№4  
Шілге  
2020

Оқу - әдістемелік және балаларға арналған  
шығармашылық, танымдық журнал



Абай – дана, Абай – гара!

Ұлы Жеңіске 75 жыл



# 6 шілде - Астана күні

Жалпы, Астана күнін мемлекеттік мереке деп жариялаудың тарихи, танымдық, тәрбиелік тұрғыдан мәні айрықша зор. Бұлай дейтін себебіміз, елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру еді. Бұл қазақтың өз билігі өзінің қолына тигеннен кейін ұлттың болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдету мақсатында «он ойланып, тоғыз толғанып» барып қабылданған тарихи шешім болды. Мыңжылдықтар тоғысындағы мұндай батыл шешімді қазір қай қырынан алып қарасақ та, дұрыс болғанын уақыт дәлелдеді. Танымдық тұрғысын сөз ететін болсақ, елордамызды Алатаудың бөктерінен Арқа төсіне көшіру арқылы біз тәуелсіздігімізді нығайттық, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жаңғырттық. Тамыры сан мыңдаған жылдардан сыр шертетін туған тарихымызды білдік, төл мәдениетімізді таныдық, ұмыт бола бастаған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміздің қайнар бұлағын қайта аштық. Тәрбиелік тұрғысы жайлы толғасақ, Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы жаңа елордамызды әспеттеп, ұлықтау арқылы біздер еліміздің келешегі - жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиеттерді



дарытып, қанына патриоттық сезімдерді сіңірудеміз. Осылардың барлығы бір арнаға тоғыса келе, ұлтты ұйыстыруға, мемлекеттілігімізді нығайтуға қызмет етіп жатыр.

# БАЛАНЫҢ БӘРІ БАҚЫТТЫ БОЛУЫ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

I маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Балаларды қорғау дегеніміз – әрбір сәбидің тыныштығын, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Кішкентай балалардың өмірін, денсаулығын қорғап, оларға қамқор болуға үндейтін мейрам. Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Балаларды адамгершілікке, әділдікке, баянды өмір сүруге үйрету. Балаларға барлық жағдай жасау біздің қолымызда. Тек біздің елде ана емес, сәбилер тәрбиесі мең олардың бостандығы әлемді алаңдатын тақырып. Оған дәлел «I Маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесінің пайда болу тарихы. Халықаралық мерекелердің ішіндегі ең үлкені және маңыздысы болып табылатын бұл мейрам өз бастауын 1925 жылы Женевадан алады. Негізгі мақсаты – соғыстан кейін жетім қалған балаларды қолдау, болашағы үшін жағдай жасау еді. Кейіннен бұл мерекенің өзектілігі күллі әлемді қызықтырып, жаһан жұртшылығы болып тойлауды қолға алды.

Балаларды қорғау күні тек бір күннің мәселесі емес. Ол тұтас қоғам қажеттілігінен туындаған күн. Баланың бақыты ата-ананың құшағын сезіну, өз арманын іске асыруда жақындарының қолдауын сезу. Бала жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, ұлтына қарамастан өзін бақытты сезінуі қажет. Баланың өмірге келуі айналасындағыларды бақытқа, ата-анасын шаттыққа кенелдіреді. Ол дүние есігін ашып, ақыл тоқтатып, оң мен солын ажыратуда отбасының, ортасының достарының рөлі өте зор.

Ата-ана баланы жас шағында қалай бейімдесе, солай өз жолын тауып кетеді. Ата-ананың баласының алдында атқаруы керек үлкен міндеттері бар. Ол балаға есім таңдап беруден бастап, болашақ жар таңдауда ақыл қосып, мамандық таңдауда қолдау көрсету керектігі. Көп жағдайда ата-ана балаға бұйыру арқылы оны таңдау құқығынан айырса, екінші бір жағдайда баланы тым өз еркіне қоя



береді. Өмірді әлі толық көрмеген бала жастықпен түрлі қателіктерге бой алдыруы әбден мүмкін. Сол үшін қазіргі кезде ата-аналар өздеріне артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр екендігін сезіну қажет. Осы орайда мемлекет тарапынан түрлі қолдаулар көрсетіліп жатыр. Атап айтқанда, ана мен бала орталығы, психологтардан тегін консультация сынды көмектерді ата-аналар ала алады. Балалардың барлығы білім алып, мейірім көріп, арманына қол жеткізуге құқылы.

Ал қазір балалардың барлығы бақытты ма? Бұл қай кезеңде болмасын өте өзекті тақырып. Себебі, бүгінгі балалар – біздің ертеңгі келешегіміз. Ел тұтқасын ұстайтын азаматтар. Көптеген отбасыларда балалар өз ойын айқын жеткізе алмау, тым түйық болып өсу сынды мәселелер орын алады. Бұл балалар жас шағында түрлі мамандардың көмегіне жүгінгені абзал. Себебі, жас шағында алған психологиялық дерттер баланың есеуі мен өмірден өз орнын табуына өз әсерін тигізері анық.

Бала тәрбиесінде ең маңызды дүние – мейірім танытып, көңіл бөлу. Мейірім көрген келсе, мейірім көрсет деп аталарымыз бекер айтпаса керек. Кез-келген кішкентай бала өте ақылды. Олар өздеріне көрсетіліп жатқан ыстық сезімді ешқашан ұмытпайды. Нені армандайды, кіммен дос, қандай жан сыры бар?! Біз солардың барлығын біліп, тек ата-ана емес, дос бола алуымыз керек. Олар бізге өз құпияларымен еш бүкпесіз бөлісіп, еркін диалог орнатқанда ғана тығыз байланыс орын алады.

Бала – біздің айнамыз. Ол естігенін емес, көргенін жасайды. Ал біз дұрыс үлгі көрсетіп жүрміз бе? Дастархан барысында телефонға телміріп, асығып жүріп ас беріп жүрміз бе? Әлде олармен күнімізді жоспарлап, қалауларына құлақ асудамыз ба? Ғалымдардың айтуынша, балалардың бастапқы мінез қалыптасу кезеңі 12 жасты құрайды. Осы жасқа дейін балалардың ойнаған ойыны, араласқан ортасы, көрген тәрбиесі, естіген сөздері оның адам болып қалыптасуының алғышарты. Сондықтан жас шағында бар мейірім мен тәрбиені көріп өсуі қажет.

Қазіргі күні әлемде ең өзекті тақырыптың бірі – бала тәрбиесі. Бұл біздің еліміз, болашағымыз үшін де өте маңызды. Әр отбасын жеке мемлекет ретінде қарастыра берсек, барлық мемлекет ішінде татулық пен ауызбіршілік болса, тұтас қоғамның бірігуіне алып келеді.

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдындағы еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі, – деп бас ақын Абай атамыз айтып кеткендей, көз қуанышымыз болған балардың барлығы шынайы бақыт иесі болуға әбден лайық. Олардың өмірден өз орнын табуы, келешегі кемел, болашағы баянды болуы ата-ана тәрбиесіне, ата өсиеті мен әже мейіріміне тікелей байланысты. Сәбилер сау, балалар бақытты, ұрпағымыз ұлағатты болғай!

# ПРОВЕСТИ ВРЕМЯ С ПОЛЬЗОЙ

Лето – долгожданная пора отдыха и безудержного веселья. Время походов в горы, купания на реке, различных познавательных экскурсий с друзьями. Многие дети, которые усердно учились на протяжении всего учебного года, с нетерпением ждут наступления заветных каникул.

Иные предпочитают провести каникулярный период с пользой, посещая языковые школы, уделяя время любимому хобби – чтению, занятиям хореографией, вокалом, рисованием.

В настоящее время во Дворце школьников города Талдыкоргана ведется работа летнего онлайн-лагеря для детей. В летний онлайн-лагерь записаны дети младшего школьного возраста (1-4 классы). Первый сезон состоит из 10 дней. Время работы с 10.00-12.00 ч. (до обеда).

Сложившаяся в регионе эпидемиологическая обстановка требует новых, необычных подходов к вопросам организации



летнего досуга детей. Так как во Дворце школьников занятия летнего отдыха перешли в режим онлайн. Суть его в том, что в определенное время педагоги и их воспитанники связываются друг с другом при помощи компьютера или смартфона.

В летнем онлайн-лагере шесть групп, в каждой группе по 5-10 детей.

Первый сезон проходит с 1 по 14 июня, охват детей составляет 40-50 детей. Комплексная программа 1 сезона летнего онлайн-лагеря состоит из двух направлений и носит развлекательно-воспитательный и познавательный характер. Это

«Казахстан – моя Родина» и «Время путешествий».

В программе онлайн-лагеря есть спортивные игры, различные конкурсы (по рисованию, рукоделию, вокалу, хореографии и др.). А также, согласно утвержденному плану, во Дворце школьников не прекращают работу онлайн-кружки - домбра, хореография, рукоделие, туризм, шахматы и языковые школы онлайн.

Работа таких лагерей невозможна без слаженной и хорошо организованной работы всех структур и подразделений. В связи с этим, мы благодарим всех педагогов, принимающих участие в организации летнего досуга детей.

Надеемся, что дни, проведенные в летнем онлайн-лагере, надолго запомнятся детям и будут наполнены незабываемыми впечатлениями, полезными делами и приятными воспоминаниями.

**Ляззат Есболова,**  
директор Дворца школьников  
г. Талдыкорган.

С 1 июня при Дворце школьников начала работу летняя школа туризма. В школе занимаются учащиеся кружков туризма, которые получили основные знания, умения и навыки туризма во время учебного года и во время дистанционного обучения. Ребята повышают свой уровень подготовки к соревнованиям и походам. Руководитель кружка: Вобрусова Анастасия Олеговна



# «ПОЮЩИЕ ДЕТИ»

В областном центре и за его пределами большой популярностью пользуется вокальная студия «Melody kids», действующая при Дворце школьников города Талдыкорган. Руководитель студии Шынар Бейсебекова.

История «Melody kids» началась в 2015 году, как был объявлен набор детей в коллективе, действующий при областном Доме дружбы.

- Вообще, мне везет на хороших людей. От души хочу поблагодарить Жаната Ибрагимовича за все, что он сделал для нашего маленького коллектива!

Но тогда коллектив был не таким уж и большим. Сегодня в «Melody kids» обучаются и постигают секреты вокального и хорового пения 50 детей как из областного центра, так и из близлежащих районов.

Вскоре перебазировалась вокальная студия. Во Дворце школьников ребяташки стали выступать на городских и областных концертах.

- Мои дети самые яркие и артистичные! Они талантливы – все без исключения! И очень ответственные, - с гордостью за воспитанников говорит наша героиня.

Вся ее жизнь связана с музыкой. Сначала Шынар окончила музыкальную школу, затем – колледж имени К.Байсеитова по классу «Хоровое дирижирование», а после продолжила образование по профилю в ЖГУ имени И.Жансугурова. Накопив достаточный опыт преподавания в школах и дошкольных учреждениях, нашла себя в работе с одаренными детьми «Melody kids».

- Наше основное направление – эстрадный вокал. Оттачиваем и хореографию, сценическое мастерство, умение преподнести свое искусство зрителям. В студии обучаются дети от пяти до 15 лет.

Немало внимания уделяется хоровому пению. Бывали случаи, когда сами дети просили своего наставника помочь им



разучить ту или иную композицию. Так в репертуаре юных звезд появились песни казахстанского герлз-бэнда «КешУой», зарубежных исполнителей Майкла Джексона, Тины Тернер, российского певца Димы Билана, грузинская «Тбилисо». Конечно же, особой популярностью у зрителей пользуются патриотические песни «Қазақ елі - Мәңгілік Ел», «День Победы», «Туған жер» и другие.

- Мы используем ремиксы, поем старые песни в современной обработке. И это несказанно приветствуется нашими слушателями.

Гордостью коллектива являются сценические костюмы. Для этого в здании Дворца школьников выделена отдельная гардеробная. Все эскизы – задумка самой Шынар Мейрамовны.

- Хочу от души поблагодарить родителей моих ребяташек, они всегда идут мне навстречу, сами ищут швейные мастерские и всячески помогают нам в любых начинаниях, - отмечает руководитель студии.

Естественно, при работе с участниками студии учитываются возрастные особенности, ведь к детям постарше нужен совершенно иной подход, нежели к малышам. Работа с детьми разделена по пяти группам. По расписанию они встречаются со своим наставником в разное время. И лишь на групповых репетициях или же перед отчетными концертами встречаются все вместе.

- Есть у меня мечта: собрать мужские голоса в отдельный хор, - говорит Шынар Мейрамовна. Пока же занятия кружка посещают 10 мальчиков. На вторую декаду мая был запланирован отчетный концерт, однако из-за пандемии перенесли. И все же ребята не отчаиваются и надеются, когда коронавирус уйдет, достойно выступить на сцене областного Дворца культуры.

Сейчас в условиях карантина занятия проходят по видеосвязи. На данный момент ребята разучивают песню «Феличита» («Счастье») – композицию, широко известную людям старшего поколения.

За это время солисты «Melody kids» не раз становились обладателями самых престижных премий как на уровне города и области, так и в республиканских творческих состязаниях. Ездили с гастролями в Алматы, Шымкент. В южной столице в 2015-2017 гг. принимали участие в международном конкурсе «Күншуақ». А с песней «Не отнимайте солнца у детей» заняли гран-при на Международном многожанровом фестивале «Таланты Казахстана». Дипломантами различных престижных конкурсов становились Айша Бериккажиева, Риза Турлыхан, Даяна Анапия, Ален Цой и многие другие.

Родители очень хорошо отзываются и о результатах своих ненаглядных, и о самой Шынар Бейсебековой. Они твердо уверены в том, что под ее чутким руководством дети достигнут новых небывалых высот музыкального Олимпа.

Многие старшие воспитанники твердо решили связать свою судьбу со сценой. Поэтому, как знать, может быть в скором времени на небосклоне эстрадных звезд Казахстана загорятся новые имена тех мальчишек и девчонок, кто сегодня выступает в творческом коллективе «Melody kids».

Нам же остается поздравить творческий коллектив Шынар Мейрамовны, всех девчонок и мальчишек, а также их родителей с Днем защиты детей и юбилеем, ведь в этом году «Melody kids» исполнилось ровно пять лет!

**Бейсебекова Шынар,**  
Руководитель кружка «Melody kids»

# Қауырсын қалам



## Абайға арнау!

Абай – дана, Абай – дара қазақта,  
Үлгі тұтар ұрпақтары азат па?  
Заманының заңғар ұлы атанған,  
Өз елінің мақтанышы, ғажап та!  
Есімі мойындатқан әлем елін,  
Ұлы ақын, жыр жүрегі, кемеңгерім,  
Қара сөзі бойыңды тебіренгің,  
Ой қосып, жүрек қозғар өлеңдерің.

Ақбота ҚАБДЕН,  
«Жас ақын» үйірмесінің  
жеткіншегі

## Атама

Бірегейсің біздерге,  
Мақтанамыз сізбен де.  
Атам менің, жан атам,  
Жетсін жасың жүзге де.  
Немерелерім деп күлесің,  
Немерелерім деп жүресің.  
Атам менің аташым,  
Ақылдылардың бірісің.

Муратов Нұрбол,  
«Жас ақын» үйірмесінің  
жеткіншегі

## АЛТЫН ҰЯМ ОТБАСЫМ

Әулетіміз ибалы жұрт  
дарадан,

Сыйластықпен бір-біріне  
қараған.

Мақтаң тұтам отбасымды  
бірлікті,

Мұрат атты атамыздан  
тараған.

Әкем менің әділ адам  
қымбатты,

Ал, анашым сұлу жүзді,  
сымбатты.

Айбол ағам қамқор маған  
әрдайым,

Еркетайы мен боламын сөз  
сапты.

Үлгі-өнеге алып келем  
әкемнен,

Мен үшін деп бәрін-бәрін  
әперген.

Алтын анам жан жетпейді  
өзіңе,

Бар тәттісін маған жиып  
әкелген.

Отбасым – алтын ұям бесігім,

Әрқашан да айқара ашар  
есігін.

Парызым бар маған өмір  
сыйлаған

Көкке жазам әкем, анам  
есімін!

Жеңіс күні

Майдангер аталармен  
мақтанамыз,

Жеңіс күнін тойлап  
шаттанамыз.

Сол кездерде сұрапыл,

Қаншама ерлер кетті хат-  
хабарсыз.

Бүгінде жеңіс күнін  
тойлаймыз,

Қалай жеңді аталар деп  
ойлаймыз.

Қазіргі бейбіт күн үшін.

Ардагер аталарды сыйлаймыз.

Мұратов Нұрбол,  
«Жас ақын» үйірмесінің  
жеткіншегі



# 175



## АБАЙ - ДАНА, АБАЙ - ДАРА!

Қазақ халқының ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері - Абай Құнанбаев. Дана ақын - Абай 1845 жылы тамыз айында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында туған. Абайдың әкесі - Құнанбай өз еліне атағы шыққан аға сұлтан болған екен.

Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшыл ақын. Абай өз балалық кезін әжесі мен анасының жанында өткізген. Абайға қатысты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сіңген екен. Абай ауылдық молдадан сауат ашып, кейіннен Семейге сауатты дамыту мақсатымен аттанады. Абай ақын медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызығып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Абай өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты.

Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып, ел билеу әдісін үйретеді. 60-жылдардың аяқ кезінен бастап Абай аздап оқыған орысшасын өз бетімен

оқу арқылы дамытып, орысша кітаптарды көп оқиды.

Абай 1885 жылы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі Абайдың ақындық жолдағы ізденісін танытты. Менің ойымша, Абай атамиздың қара сөзі бізге осы заманға арнап жазып кеткендей. Адам баласының шыр етіп дүниеге келгеннен кеткенге дейінгі өмірі, өмір сүруде қателіктер мен жақсылықтар, жасампаздық пен шынайылықты қағаз бетіне түсіріп отырған. Мен Абай атамиздың қара сөздерін оқи отырып, соншалықты тілге байлығын, білім-ғылымға шақырғанын, елінің болашағын ойлаған, жаны ашыған адамды таныдым.

Абай айтқан сөздердің басты идеясы - уақыттың текке кетпеуі. Абайдың қара сөздерінің саны 45 бөліктен тұрады. Онда айтылған даналық ойларды жыл сайын оқысақ та, қайта-қайта оқысақ та зерікпейміз. Әр оқыған сайын көңілдегі көп сұраққа жауап алып, жаңа ой түйесің.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр»

өлеңдерінде: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу сияқты теріс әрекеттер әлі өмірде кездеседі. Ал, талап, еңбек, ғылым, қанағат, рақым да біздің қазіргі тәрбиеге дәл келеді.

Өзі үстем таптан шықса да, Абай бұқарашыл тілектегі халық ақыны болды. Ол шығармаларында сол халықтың мүддесін, арман-мұңын жырлады. Ақын адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым-білім үйренуде, адамгершілік мінез-құлықта деп ұқты. Қазақтың әдеби тілінің негізін салды. Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов Абайды «Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп орынды атаған.

Абай атамиздың қара сөзінің әр сөзінен жүрегің бір қынжылып езіледі. Абай дара, Абай дана, Абай ойшыл, ұлы Абай атамиздың осы даналығына бас иемін.

**Жарлықасынқызы Аяулым,  
«Жас қаламгер» үйірмесінің  
жеткіншегі**

# Абай - қазақтың мақтанышы



оқы, сонда нағыз рухани жағынан толысқан, мықты адамгершілігі бар, өмірлік ұстанымы жоғары, идеалы қалыптасқан адам болып шығасың. Мен өзіме және құрдастарыма, қазіргі жастарға осыны айтқым келеді.

Ұлы ақынның қалдырған мұрасы бізге рухани байлық көзі болып табылады. Жалпы мұра деген не? Неге адамзат баласы басқаны қалдырған мұрасына қарай бағалайды? Мұра -- ғасырлар бойы халқымыздың көңіліне көрік, жанына жігер, жүрегіне жалын дарытып, арман мен мұратқа, сенім мен үмітке үндеп келе жатқан құндылық.

Абайдың жазған өлеңдері, қара сөздері, шығарған мақал-мәтелдері мен қанатты нақыл сөздері - рухани қазына. Әр сөзінде терең тұңғыықтай астарлы мағына жатыр. Әрдайым халық аузында жүретін: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей» деген мақалдан анық байқаймыз. Өте астарлап айтылған нақыл сөз. Кез-келген адам бойында бір ой қалады. Мұны оқи отырып, еңбек етудің маңызы, оның ертеңгі күнге беретін жемісінің молдығы және разылығы көбірек болатындығы жайлы түсінік, ой қалыптасады. Ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде ата-бабаларымыздың қалай аңға шыққаны жайлы егжей-тегжейлі біле аламыз. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде оқырманға ой салу мәселесі қозғалады.

Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға.

Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де - бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан, - дегендей сендер де оқындар, тоқындар, өмірде өз жолдарыңды табындар. Әр басқан қадамдарың нық болсын, ешкімнің ала жібін аттамаңдар, - деген мағынада айтылған. Осындай Абайдың ой салатын жолдары өте көп. Айта берсек, жетіп артылады.

Қорыта келе, мен өз ойымды қазақтың біртуар ақыны, Хантәңірінің мұзбалағы, тұңғыық жырдың иесі М.Мақатаевтың мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Өлмеу үшін құлқынды жемдеу үшін,

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін

Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

Абайдың әр сөзінен жүрекке орын беріп, оны жүрегімізге ұялатар болсақ, нағыз азамат, нағыз патриот боларымыз анық. Абай жаққан бір сәулені сөндіріп алмай, оны маздатып жағар болсақ, әр адам осы сәуленің шоғынан шашыратып шоқ алар болса, бұл да болса Абай жаққан сәуленің өшпегені.

**Нұрқызы Нұрай,  
«Жас қаламгер»  
үйірмесінің жеткіншегі**

Абай - қазақтың ұлы ақыны, мақтанышы. Абай есімі арқылы біз әлемге танылды. Абайды оқи отырып, өзіміздің рухани жан-дүниемізді танып, өмірге деген құлшынысымыз оянады. Абайдың өлеңін білмейтін адам кемде-кем шығар. Абай арқылы салт-дәстүрімізді білеміз. Абай арқылы өмірді танимыз. Абайды танып білген сайын тани түскің келеді. Мен өз Абайымызбен мақтанамын.

Бұл жалғанда кім ұлы десе, Абай дер ем. Абайдың әр айтқан сөзінің өзі - тұнып тұрған тәрбие, тәлім-тәрбиенің нағыз қайнар көзі емес пе? Абай жастарға көп ақыл-өнеге қалдырған. Оның әр сөзінен адами қасиет, адамгершілік көздерін анық көре аламыз. Мен Абайдың өлеңдерін оқыған сайын өзімнің бойыма бір жақсы қасиет дарығанын сезгендей боламын.

Абай өлеңдері маған күш береді, Абай өлеңдері мені қуаттандырады. Қазіргі жастардың бойынан мен кейде жақсы қасиеттерді байқай алмай жатамын. Оларға осы Абай өлеңдерімен сусындап, үлгі алыңдаршы! - дегім келеді. Абайдың өлеңдерін оқы, сөздерін



# Слово об Абая

Абай – это имя, которое я произношу с особым трепетом. Абай – мой дедушка, мой учитель, мой друг. Абай- гений, мастер слова, патриот своей Родины.

Однажды я увидела памятник в городе Алматы. Это был памятник Абаю.

Я спросила у мамы:

-А кто это?

-Это Абай, твой дедушка.

-А почему ты назвала его моим дедушкой?

-Во- первых он того же рода, что и твоя мама- Тобықты. А во – вторых, он дедушка всего казахского народа, значит и твой тоже.

Я люблю перечитывать стихи Абая. Читая его стихи , я переношусь в беспредельные, широкие степи, усыпанные красными тюльпанами, к пастушьим стойбищам с их огромными собаками – пастухами, к тихим и гладким озерам, где раздается крик лебедей.

Всем известны его стихи , посвященные временам года: «Қыс», «Көктем», «Жаз», «Құз», в которых чувствуется, читается его трепетное отношение к природе родного края. Как метко и четко он пишет о явлениях природы:

Звезды прочь прогоняет невеста-земля

Ведь жених ее- солнце- о встрече моля,

Ждал всю ночь, и свидания час наступил,

И румянец зари покрывает поля...

На многие стихи Абая написана музыка. Например, к лирическим стихам « Желсіз түнде жарық ай». Какое же это прекрасное произведение! Как я люблю его исполнять!

Никого не оставят равнодушными « Қара сөздер» Абая. Помню, как читала их мне моя бабушка. Она старалась мне объяснить их смысл, ответить на мои вопросы, и я очень благодарна ей за это. Особенно близки мне его слова- назидания о роли труда в жизни человека, о добре, о любви к природе, о честности, о пользе знаний.

Моя бабушка говорила мне, что Абай жил и творил в те времена, когда у казахов не было ни письменности, ни литературы, ни живописи, ни театра.

Я восхищаюсь им, человеком, который явился для своего народа просветителем, человеком, который внес в жизнь казахского народа красоту и веру в светлое будущее.



Я посвящаю ему эти строки:

Мой учитель, мой друг, мой глубокий Абай!

Твоих дел океан льет через край.

Я спешу прикоснуться к тебе , мой Абай!

Разреши окунуться в твой мудрости край.

Твои мысли и помыслы понял народ.

Атмосферу наполнил собой кислород.

Ты подарен судьбой нам, ты кладезь добра.

И счастливую песню поет нам домбра!

**Балтабек Айзана,**

**Кружок: Занимательный русский язык**



# 1150



## Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» деген екен. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдетте түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды. Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары

арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал-қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады. Әл-Фараби мұраларын зерттеуге еліміздің атақты ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Көбесов, Р.Бердібай, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі, тағы басқалар да ат салысты. 1975 жылы

Мәскеу қаласында белгілі шығыстанушы ғалым Б.Г.Гафуров пен А.Х.Қасымжановтың орыс тілінде шыққан «Әл-Фараби мәдениет тарихында» («Аль-Фараби в истории культуры») атты кітабы араб-мұсылман философиясы мен мәдениетін зерделеп, фарабитанумен шұғылданушы ғалымдар арасында үлкен серпіліс тудырды. Сондай-ақ белгілі жазушы қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қарсы алды. Әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие болды. 1991 жылы Қазақ Ұлттық университетіне Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Ал 1993 жылы осы университетте әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. 2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидың туғанына 1150 жыл толады.

Әбу Насыр Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындары» трактатынан түйген ой...

Ғылым уақыт өткен сайын ескірмей, керісінше тың мәліметтер қорымен толығып, жылдар жылжыған сайын құндылығы арта түсетін сала. Адамзат баласының зерттеуге қолы жеткен барлық дерлік ғылым саласының негіздерін қалаған Әбу Насыр Әл-Фарабидың 1150 жылдық мерейтойы - ғұламаның артына қалдырған мұрасын зерттеуге үлкен мүмкіндік. Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, Әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім. Алайда ол трактаттармен екінші бірі таныс деп ауыз толтыра айта алмаймыз. Оған себеп құнды жәдігердің қазақ тіліндегі аудармалары жоқтың қасы екендігі. Ғалымның мерейтойын желеу етіп, алғаш рет «Қайырымды қала тұрғындары»

трактатының бірнеше бөлімдері қазақ тіліне аударылды. Ғалымның аты әлемге мәшһүр еңбегіндегі негізгі ой желісін анықтауға тырысып көрейік.

Аталмыш еңбектің ауқымы өте кең. Себебі бір өзінде қай заманда болмасын өзектілігін жоғалтпайтын бірқатар тақырыптар қозғалады. Атап өтер болсақ, бастапқы екі бөлімінде ізгілікті дін қағидалары жайында сөз қозғаса, үшінші бөлімінде аспан денелерінің сырларын ашуға тырысады. Ал келесі бөлімдерде адам болмысына түпкілікті талдау жасай отыра, адамның жаны мен қуаты, қалауынан пайда болған қажеттіліктер жөнінде сөз етіледі. Алтыншы бөлім надан көзқарастар мен қоғамдар, надан қалалар және на-дан басшылықтардың түрлерін көрсетіп, ара-жігін ажыратады.

Адамның бойында қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүректілік мінез болса, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырған сәтте міндетті түрде шешімпаздық көрсете алады. Ұстаздың еңбегінен алынған бұл үзіндіге қарап, шын мәнінде Фараби бабамыз адам жанының жай-күйі мен бітім-болмысын ғасырлар бұрын дәл пайымдап кеткеніне көз жеткізуге болады.

Жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көру – адам бойына бітетін ең асыл қасиеттердің бірі. Мұндай қасиетке ие адам жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп,

жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсете алады. Әлемнің екінші ұстазының бұл сөздері әрбір көзі ашық, көкірегі ояу жанның өмірлік қағидасына айналса жер бетінде қайырымды қалалар көбейер еді. Себебі шынында әлемді құтқаратын өзгеге де, өзіне де қиянат жасауға мүмкіндік бермейтін құнды қасиет – ізгілік.

**Базархан Нурай**  
**«Тележурналистика»**  
**үйірмесінің жеткіншегі**

## Орман өмірін өзгерткен оқиға...

Орман іші қауырт тіршілікке, әрлі-берлі жүрген аңдарға толы. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деген ұстанымды берік ұстаған орман тұрғындарының көңілі көтеріңкі, жүздері жайдары. Тек арыстан ғана тыпыршып бір орнында отыра алмай, мазасыз күй кешуде. Орман патшасының көңілі неге алаңдаулы деген сұрақ ормандағы барлық аңды ойлаңдырмай қоймады. Күллі орманды басқарып отырғаннан кейін арыстанға тіл қатуға әркімнің батылы бара бермейді. Аңдар өз ішінде ақылдасып, қасқыр мен түлкіні жібермеқ болады. Кенет жерден әрең естілетін бір дауыс шықты. Сөйтсе бұл дірілдеп сөйлеуге қорқып тұрған қоян екен.

- Мен патшамыздың көңіл-күйінің түсу себебін білемін. Өтінемін, мені де ерте барындаршы, - дейді қоян. С о л сәтте түлкі күлкісін жасыра алмай:

- Хи-хи-хи. Сен мына түріңмен арыстанның алдына барғанда ләм-мим дей алмай тұрасың. Батылын қарай көр. Орманның бар сырын білетін мен білмегенде сен қайдан білесің?

- Жок, түлкі. Қоян барамын десе, өзіне сенімді болғаны. Бетінен қақпа, - деді қарт аю.

Осылайша үшеуі аң патшасының халін білуге жолға шықты. Барса қабағы қатулы,

шаршаңқы қалыпта жатқан арыстанды көреді. Түлкі сөз бастап:

- О, патшам біздің көңіл-күйіміз керемет болғанмен, сіз жабырқап жатқанда тыныш отыра алмадық. Мен сізді шаршатпас үшін кеңесшіңіз бола аламын. Мен арқылы бүкіл орман сіздің алақаныңызда болады дейді.

Қасқыр да қалыспай:

- Сіздің көңіл-күйіңізді көтеру үшін ормандағы барлық жидекті әкелдім. Оған разы болмасаңыз мына қоянды жеңіз, - деп бұрышта тұрған қоянды нұсқайды.

Сол сәтте қоян:

- Арыстан, дос болайық, - дейді. Мұны естіген арыстан таң-тамаша қалады.

Сонда қоян:

- Сіздің ауруыңыздың дерті ол – достық. Сізге түлкі мен қасқыр сияқты қызметшілер керек емес, шынайы дос керек. Басшы деген қол астындағыларға биіктен қарауы керек деген ұғымды естен шығарыңыз. Орманның өміріне араласып, бізбен дос болыңыз дейді.

Содан бері орман іші бұрынғыдан бетер әрленіп, керемет



күйге бөленген. Кейде тек қатал басшы болып, бұйрық берудің өзі жеткіліксіз. Қол астындағылар саған қорқынышпен емес, сыйластықпен қарау керек. Олармен тығыз қарым-қатынаста болған басшы ғана адамдардың талантын ашып, жұлдызын жарқыратады. Арыстанның кеш те болса түсінген бұл ойын өзге де орман басшылары түсінсе ғой, шіркін.

**Жумахан Амина,**  
**«Тележурналистика»**  
**үйірмесінің жеткіншегі**

# ҒАРЫШҚА ЖОЛ САЛҒАН НӘЗІК ЖАНДЫЛАР

Адамзат мүмкіндігінің шексіздігін дәлелдейтін ғарыш саласын игеруде тек ерлер емес әйелдер қауымының да қосқан үлесі зор екендігін бірі білсе, бірі біле бермейді. Мұның айқын дәлелі ретінде АҚШ-тың «Меркурий» алғашқы ғарыштық бағдарламасының жүзеге асуына аянбай тер төккен Кэтрин Джонсон, Дороти Воган, Мэри Джексон атты нәзік жандыларды атауға болады. Әрқайсының өмір жолы, ғарыш саласына сіңірген еңбегі тағылымды тарауларға толы кітап іспеттес. Бастысы олар тек өз істерінің үздіктері ғана емес, NASA ғарыштық ұйымында жасырын қызмет атқарған қара нәсілді арулардың жарыққа шығуына бірінші болып батыл қадам жасады.

Кэтрин Джонсон – физик және математик қызметін атқарып, әуе сапарларының траекториясы мен қайту жолдарын асқан дәлдікпен есептеген. Дороти Воган – талдау және есептеу бөлімінің қара нәсілділер арасынан шыққан алғашқы басшысы болса, Мэри Джексон бас инженер қызметін атқарды. Д.Воган мен М.Джексонға дүниеден озғаннан кейін АҚШ тарихына елеулі үлес қосқан азаматтарға берілетін



«A Congressional Gold Medal» марапаты тағайындалды. Америка Президенті К.Джонсонға көзі тірісінде аталған марапатты табыстау жөніндегі заңға қол қоюды бұйырды. Президент Д.Трампын бұл мәлімдемесі CNN ақпараттық порталында жарық көрді. Осылайша ғарышқа жол салған үш бірдей жұлдыз лайықты бағасын алып, халық қошеметіне бөленді. Сондай-ақ күні кеше NASA ғарыштық ұйымы адамзат тарихында алғаш рет тек әйел азаматшалардан құралған экипажды ғарышқа аттандырды. Демек әйелдер

қауымының болмысы нәзік болғанымен, таланты мен тоқтаусыз еңбегінің арқасында ғарыш әлемін де бағындыра алады. Бұл жандар бірінші болып өз сара жолын салудан қорықпау керектігіне тағы бір мәрте айқын мысал бола алды.

**Бердімұрат Баянсұлу**  
«Тележурналистика»  
үйірмесінің жеткіншегі

# КІТАП - ҚАЙМАҚ, БІЛІМ - ОЙМАҚ!



ертеден құштар. Осы уақытқа шейін мен бірнеше кітап беттерін қайырдым. Сол кітаптардың арасынан «сүйікті кітабым» атауына ие болған - Мархабат Байғұт ағамыздың «Ауыл әңгімелері» атты шығармасы. Бұл кітаптың жүрегіме жақын тиюінің бірнеше себептері де бар. Бірінші себебі: Мархабат ағамыздың тікелей өзіне байланысты. Мархабат аға - Оңтүстіктің тумасы. Ол кісінің шығармаларын оқыған сәтімде, туған мекенімнің төрінде еркін самғағанымды сезінемін, өзіміздің Оңтүстік жұртына тән менталитеті, сыпайылық пенен жылы сөзділік айқын байқалады. Екіншіден, ауыл қашанда аяулы мекен... Бәрімізде ауылдан өсіп-өндік емес пе? Үшіншіден, шығарма мазмұны, шығарма барысындағы оқиғалар қызықтылығы және де сөйлем арасындағы керемет байланыстар. Бұл кітап мен үшін «Қазына толы қамбадан» қымбат, өйткені қазынаның қамба қоры - кітап қоры деп санаймын, осы кітапты оқыған сайын, таусылмайтын баға жетпес асыл дүниеге қарық боласың. Енді, кітап жайлы бірнеше мәліметтер берсем: Жазушы Мархабат Байғұттың бұл кітабына ауыл туралы әңгімелері енген. Ауылға іңкәр қаламгердің аталмыш тақырыпқа жиірек жазатыны, уызды да уытты тілі, әдемі әзілі мен астарлы әжуасы оқырман қауымға белгілі. Ауыл адамдарының сезімталдығы мен сағынышын, мұңы мен махаббатын, талайлардың тағдырын табиғи бейнелейтін прозашы жаңа әңгімелерінде қазіргі заман талабына, бүгінгі уақыттың әуеніне сәйкес психологиялық тың ізденістер таныта түскен. Кітап мазмұнының құрамында: «Жалбыздың жағасында», «Көрпесайдың кітапханасы», «Айып», «Варвараның көмбесі», «Алпыс үшінші жылғы махаббат» т.б. өте шығармалар мольнан жинақталған. Мен осы кітапты ең алғаш қолға алған кезімде, ол өзіне мені қатты баурап алар деп ойламаппын. Жазушы ағамның

жазушылық шеберлігіне тәнті болдым және қатты таңырқадым. Сонымен қатар, кітапты оқып бастағаннан-ақ бойымды мақтаныш сезімі керней жөнелді. Неге мақтанбасқа? Оңтүстік жұртында алты алашқа ауыз толтырып жыр қып айтар жаңа шығарма дүние есігін ашқанда?! Неге мақтанбасқа? Мұхтар Әуезовтың шығармашылығын жалғар қазақта ұл болғанда?! «Кітапқа деген сүйіспеншілік тудыру әрбір кітапханашының борышы мен міндеті. Жастарымыз дәстүрлерімізді көзіміздің қарашығындай бағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретін болуы тиіс», деп Н.Назарбаев атамыздың жастардың бойындағы мәдени танымдылықты қалыптастыруда рухани құндылықтардың қайнар көзі кітап оқу арқылы берілетінін айта отырып, білім мен ғылымның көкжиегінде биік асулардан көргісі келетіндігін атап өтті. ХХІ ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі кітап десек қателеспейміз. Бүгінгі тақырыпқа арналған өз ойымды қорытындылай келе, өскелең ұрпаққа кітаптан асқан байлық, кітаптап асқан асыл қазына жоқ демекпін. Сондықтан да, дәл қазіргі уақыттан бастап кітап оқуға өздеріңізді бейімдеңіздер. Өздеріңіздің ішінен мол мұраға қанық болар, өмір жолында мәңгі азық болар «сүйікті» кітаптарыңыз болсын. Кітапта алма ағашы, Жемісін бізге беретін. Тәтті алмаға балашы, Кітабыңның әр бетін - деп, осы өлең шумақтарымен әңгімемді аяқтағым келеді.

**Дүйсенбекқызы Еліғай,  
«Тарихи-өлкетану»  
үйірмесінің жеткіншегі**

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ал, білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап таңдап, талғап оқи білу, алған әсерінді өмір қажетіңе жарата білу әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир. «Кітап - ең құдіретті әлем», «Кітап-күн шуағы білімнің», «Әліппенің ар жағы - білім бағы» дейді ғой халықта. Сол білім бағына жетелейтін дүние – кітап. Иә, мен бұл сөздердің қаншалықты құнды, теңіз суындай терең мәнді етіп айтылғанын жүрегіммен сезінемін. Қазір ойлап отырсаңыз, адамзат қана емес, күллі тіршілік жаралғалы бері құбылыстың бәрі кітаптың ішінде сайрап жатыр емес пе?! Әр кітап өзінше бір керемет дүние. Менің жаным да сол дүниелерді танып, білуге

Биылғы оқу жылының соңғы тоқсанында қашықтықтан оқытқандықтан менің көзқарасым өзгерді. Әр адам өз уақытын үнемдеу керек екенін түсіндім. Сондықтан жазғы демалысымды пайдалы әрі қызықты өткізуге тырысамын. Қашықтықтан оқу кезінде де Оқушылар сарайының «Тарихи-өлкетану» үйірмесінің сабақтарына үнемі қатысып жүрдім. Жетекшіміз Кулшанова Меруерт Мұратқызының тапсырмаларын орындап, оқуға берген кітаптарды оқыдым. Мен кітаптарды оқуды жақсы көремін, себебі білім адамның ойын дамытады. Жалпы мен бос уақытымды пайдалы істерге

жұмсағанды жақсы көремін. Мысалы, сурет салып және оны бояулармен бояғанды ұнатамын. Одан басқа, мен компьютер ойындарын ойнауды ұнатамын. Алайда, компьютердің алдында көп отыруға болмайтынын білемін. Анамның айтуы бойынша, ол адам ағзасына өте зиян. Сол себептен, компьютер ойындарын күніне екі сағаттан көп ойнамаймын. Анамды қиялдан салған суреттеріммен қуантып, көңіл-күйін көтергенім дұрыс деп есептеймін. Отбасымызбен демалысымызды жоспарлаймыз, әрқайсысымыз өз ойымызды айтамыз. Менің отбасыммен өткізетін қызықты күндерім - ең бақытты сәттерім.



**«Тарихи-өлкетану»  
үйірмесінің жеткіншегі  
Еркінбекова Сымбат**



## 9 маусым – Халықаралық достар күні.

*Халықаралық достар күні өмірдегі әртүрлі қиын-қыстау жағдайларға қарамастан досымыздың қаншалықты қымбат екенін айта отырып, оларды қуанту үшін ойлап табылған күн. Аристотельдің айтуынша, Дос - бұл екі адамда болатын бір жан. Достық туралы қазақ халқының мақал-мәтелдері де өте көп. Мысалға, Жүз сомың болғаниша, жүз досың болсын, Дос-егіз, дұшпан-сегіз. Жолдасы көптің олжасы көп, ағаш тамырымен, адам досымен мықты және көптеген тағы басқалар.*

# МЕЧТА АНГЕЛА

Листая журналы, в которых попадают детские фото, ты хмуришь брови и недоумённо спрашиваешь себя: «Чем она он лучше? Ведь моя дочь смотрелась бы на развороте модного журнала ничуть не хуже!» А дети, вышагивающие по подиуму? Почему там до сих пор нет твоего гениального ребёнка? Давай вместе представим, что ждёт твоё чадо, попади оно в детский модельный бизнес. Недели моды, фотографии в глянцевах журналах, возможность общения с известными людьми – многим подросткам карьера модели кажется заманчивой. С чего начать? Как добиться успеха? В детском моделинге, как и во взрослом, есть свои требования и параметры. В этой статье мы расскажем о том, какие плюсы и минусы могут ожидать девочку или мальчика в возрасте от 9 до 14 лет. Самый правильный вариант – это довериться профессионалам, выбрав модельную школу с положительной репутацией и эффективной программой обучения, доказанной многолетним опытом работы в модной индустрии. Как найти модельную школу для детей, чтобы ребенок получил необходимые знания и навыки, поможет история Юной модели Дворца Школьников города Талдыкорган Ануарбеккызы Инжумаржан. Ануарбеккызы Инжумаржан в 8 лет со своей мечтой пришла во Дворец Школьников и выбирая кружки она заметила очень красивую, стильную и похожую на модель преподавателя и сказала, а можно я к ней пойду на кружок, хотя и не подозревала какой у нее кружок. Мы подошли к ней и спросили а у вас как-ли кружок, она ответила «Юная модель», в этот момент загорелись глаза Инжумаржан и она решила что этот кружок она будет посещать. с тех пор Инжумаржан в течение 3 лет посещала кружок «Юная модель» и ее родители заметили разницу в ее поведении, мечты и цели начали появляться. Девочка стала самоуверенной и роскошной, хотя по природе она очень скромная. Хотелось бы отметить роль преподавателя в этом сыграла



очень важную роль и родители Инжумаржан отзываются об Ализе Абдулдаевне очень хорошо, они ценят ее труд который она вложила в их ребенка и бесконечно благодарны. А теперь о том как Инжумаржан шла к своей мечте по шапочкам и стала «Mini Little Princess of Kazakhstan» - 2019 году. Чтобы стать Маленькой Мисс Казахстан Инжумаржан трудилась вместе со своим преподавателем Ализой Абдулдаевной. Она очень любит красоту и моду, в первую очередь ее любовь привела ее к мечте, которая все время вдохновляла и давала сил трудиться и идти дальше. За три года обучения Юной Модели во Дворце школьников Инжумаржан добилась очень много, ее первый опыт начался с Мисс Талдыкорган-2017, где она заняла номинацию «Мисс Гламур», после она участвовала в Балдаурен-2018 и заняла 1-е место получив приз Музыкальный центр, также она участвовала в Мисс Талдыкорган-2018 и стала Мини Мисс Талдыкорган-2019 в своем возрасте, она не останавливаясь на достигнутом участвовала на очень многих конкурсах красоты республиканского и международного статуса и в 2019 году завоевала титул Мини Мисс Казахстан-2019 г. Астана в своем возрасте ей было 9,5 лет. Она получила Свидетельство о внесении ее во всероссийскую базу моделей GOLDEN STARS MODELS. Она ни на секунду не сомневаясь в своей победе, очень уверенно и грациозно ходит по

подиуму, у нее летящая походка, осанка ровная, улыбка ее не оставляли зрителей и жюри в равнодуший. Ее успех в первую очередь зависил от ее любви к своему кружку, от веры ее преподавателя в нее и ее вложений труда в свою ученицу, которая оправдала ее надежды и принесла очень много наград. Надо отметить вклад ее родителей, которые ни жалели времени и ездили вместе с ней куда угодно, они заказывали платья на каждый ее конкурс, и всегда старались и делали все, чтобы их дочь была уверена в своей победе. Мама Инжумаржан: Мы бесконечно благодарны Ализе Абдулдаевне за ее любовь к своей работе, как она тонко подходит к каждой ученице и находит их талант, помогает раскрываться и раскрепощаться. Очень люблю Ализу Абдулдаевну за ее доброту, красоту, я сама когда первый раз увидела ее так была восхищена ее красотой, что мы с дочкой сразу подошли к ней и записались на ее кружок. Желаю Ализе Абдулдаевне по больше учениц, которые будут побеждать в конкурсах и станут намного увереннее в себе, соответственно в жизни это очень важное качество для любого ребенка. Я считаю что нужно ребенка развивать и самим развиваться всегда, чтобы идти в ногу со временем, мир меняется каждый день. Отдельная благодарность Акимату за такой прекрасный подарок городу, как Дворец школьников, где каждый день рождается новая звезда, БЛАГОДАРЮ директора Лазат Мухамедкалиевну за ее любовь к своей работе, она знает каждого ученика и ценит своих сотрудников, всегда отмечает и помогает если это в ее руках. ЦЕНИМ ЛЮБИМ ВАС! ИНЖУМАРЖАН: Я очень люблю дворец школьников, Ализу Абдуллаевну, Спасибо ей за то что верила в меня, и всегда говорила «ТЫ ЛУЧШАЯ». Я росла благодаря ее вере и вере моих родителей в меня, я очень счастлива что попал именно к Ализе Абдулдаевне. Благодарю Вас за ваше терпение на мои капризы.

**Сатыбалдинова**

**Карлығаш**

# Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады

Бүгінде Оқушылар сарайының берер тәрбиесі мол. Оқушылар сарайы мыңдаған бүлдіршінге білім нәрін сеуіп, әрбір жеке тұлғаның дұрыс мамандық таңдай алуына көмектесетін бірден-бір жолы деп айтсам қателеспейтін шығармын. Оқушылар сарайына баратын мыңдаған бүлдіршіннің арасында жасы кіші болса да, аға-әпкелерімен тайталасып жүрген Қажы Айлин Рүстемқызы. Айлин Рүстемқызы 25 желтоқсан 2015 жылы туылған. Айлин би үйірмесіне, мектепке дейінгі даярлық тобына және жас сәнгер үйірмесіне қатысады. Айта кетсек, би үйірмесінің жетекшісі – Гүлнар Килашевна, даярлық тобының жетекшісі – Айгүл Жұмаханқызы, жас сәнгер үйірмесінің жетекшісі – Ализа Абдулдақызына осы ұстаздарының арқасында, 1 жылдың көлемінде Айлин көп нәрсені үйрене білді. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші әсіресе, ұстазы Ализа Абдулдақызына алғысым шексіз. Карантин уақытында балаларды қашықтықтан оқыту арқылы көптеген тапсырмалар беріп, бүлдіршіндердің ойлау қабілеттерін арттырып, жан-жақты дамуына септігін тигізді. Балаларға

тапсырмаларды орындата отырып, орындаған жұмыстарын бағалап, бар білгенін балаларға үйрете білді. Ұстаздың еңбегі, шәкірттің жетістігінен көрінеді. Айлин көптеген жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Анығырақ айтқанда бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық «Ұлы Дала Ұрпағы балалар шығармашылық байқауында» хореография жанры бойынша өнер көрсетіп, шығармашылық қабілетімен ерекше көзге түскен Қажы Айлин 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі - Гүльнар Килашевна. Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткізілген аймақтық «Бала әлемі-2020» байқауында жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін Қажы Айлин 3-орын дипломмен марапатталды. Жетекшісі - Ализа Абдулдақызы. «Мәңгілік ел алыптары» Республикалық рухани – патриоттық байқауында көрсеткен айрықша өнері, дарынды қабілеті және рухани

өркендеу жолындағы еңбегі үшін дефиледен 1-дәрежелі лауреат дипломымен марапатталды. Жетекшісі - Ализа Абдулдақызы. «Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады» дегенде Айлиннің жеткен жетістігі, ұстазының жемісі деп білемін. Осындай білікті, білімді мамандарды жинап, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырған оқушылар сарайының директоры Ляззат Мұхаметқалиқызына үлкен алғыс білдіремін!



Алғыс білдіруші:  
Салима Жамбылқызы,  
ата-ана



# Есімімді қойған Ілияс Жансүгіров еді

Халқымызға белгілі ақын, ұлы тұлға Ілияс Жансүгіровтың туған қызы Ильфа Илиясқызына жақында жолым түсіп, Алматыға барып қайттым. Бұл кісімен жолығу сәті мен үшін ерекше күн болды.

Барлығы І.Жансүгіровтың асыл жары Фатима Ғабитоваға арналған байқаудан бастау алған еді. Фатима апамызға арнап шығарма мен өлең жазып, байқауға жіберген едім. Еңбегім еленіп, жазған жұмысым Фатима Ғабитованың балаларының көзіне түсіп, кездесуге шақырту алып, кездесіп қайттым. Мен үшін бұл үлкен мәртебе.

- Қазақ халқының тұлғалы ұлдарына 1937 жылы «халық жауы» деген айып тағылып, соның бірі әкеңіз де І.Жансүгіров қасіретті қудалаудың құрбаны болды. Бұл жала қаншалықты өмірлеріңізге әсер етті?

- Бұл оқиғадан кейін біздің өміріміз түбегейлі өзгеріп кетті. 1938 жылы бізді өз үйімізден қуып шығып, Семейге қудалады. 1938-1940 жылдар аралығында Семей қаласында тұрдық. Ұлы Отан соғысы басталған кезеңде, яғни 1941 жылдары Мерке қаласына қудаландық. Ол жақта өміріміздің 7 жылын өткіздік. «Халық жауының отбасы» деген сөз бізге үлкен қасірет алып келді. «Жансүгіров» деген фамилияның өзі бұл кезде көңіліне қорқыныш ұялататын. Осы фамилия үшін оқуға да алмады. Сондықтан біздің болашағымыз үшін анамның фамилиясына Ғабитовтарға ауыстық. Мерке қаласында Ғабитова деген фамилиямен 1-ші сыныпқа бардым.

- Сіз сөз арасында анаңызды айтып қалдыңыз, Фатима Ғабитова жайлы да айтарыңыз аз болмасы анық...

- Анам Ілиястың соңғы сәтіне дейінгі айнымас сырласы, аяулы сүйіктісі болған. Сонымен-ақ халқымыздың үш заңғарына серік болған Фатима Ғабитова зиялы ортада өсіп-өнген, білімді әрі сұлу жан болды. Ізі татар отбасынан болса да, қазақша сөйлеп, қазақ тілінде өлеңдер жазатын, қазақ тілін өте жақсы көретін, татар тілін аса қолданбады. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарды. Анам жайлы қате пікірлер мен алып-қашпа сөздер жиі кездесетін. Алайда, тереңірек үніліп қараса өмір ағысына қарсы жүруге өзінен күш-қуат тапқан, сол заманның әділетсіздігі мен әлімжеттігіне төтеп берген, құйтырқы саясатқа құл болмай, басын тік ұстап өткен қайсар рухты ана, асыл жар, білімді тұлға.

- Сіздің есіміңіз ерекше, есіміздің сыры неде және кім атады?

- Менің есімімді қойған Ілияс Жансүгіров. Жалпы, әкем барлық балаларының атын өзі қойған. Тек қамауда болған себептен Болатты ғана өзі атай алмады. Ал менің есімім Ильяс және Фатима деген екі есімің қосындысынан туындады. Кейде менен сізді Илья Ильф-ке (кеңес жазушысы) байланысты солай атады ма деп те сұрап жатады.

- Сонымен-ақ сіз қазаққа белгілі, қайраткер Санжар Оразұлы Жандосовтың жұбайы болдыңыз. Тағдыр табыстырған жарыңыз жайлы не айтар едіңіз?

- Екеуіміздің өміріміз өте ұқсас. «Халық жауының балалары» деген сөз өмір бойы бізге серік болды. Қатал тағдырдың сынағын әбден тарттық. Жандосовтар әулеті куғын-сүргінге ұшырап, біраз жылдар бойы Ізбекстанда тұрды. Әкелерімізді ақтағаннан кейін Жандосовтар әулеті Алматыға оралды. Міне, сол кезде тағдыр бізді тоғыстырды. Санжар Жандосов менен 5 жас үлкен болатын. Біз бір-бірімізді ұнатып, отау құрдық. Ол менің анама өте ұнайтын, анамның ең сүйікті күйеу баласы болатын. Санжар Жандосовтың поэзияға деген қызығушылығы да керемет еді, өлеңдер жазуды да ерекше ұнататын. Тағы бір қызығы екеуіміздің аналарымыздың аты Фатима болды, оның да анасы татар отбасынан шыққан, бұл да өміріміздің бір ұқсас бөлшегі. Жалпы, Санжар Жандосов жан-жақты адам болатын, спорттан да бейхабар емес, волейбол командасын да өзі ұйымдастырды, бұл командада Санжар Жандосовтың жақын досы Олжас Сүлейменов те ойнаған болатын. Олжас Сүлейменовпен де біз тығыз арақатынаста болып, жақсы достық қарым-қатынас орнаттық. Міне, Санжар осындай тек өмірдің жақсы жағын қаузаған, еліне еңбегі сінген қайраткер болып есімізде мәңгілікке сақталды. Оны халық та сүйетін, ерекше құрметтейтін. Жұбайым Санжар Жандосовпен 34 жыл өмірімді өткіздім. Қазіргі күнде 5 баламыз бар, немере, шөбере сүйіп отырмын.

Кетерді маған алтын уақытын бөліп, сұхбат берген Ильфа апайға ризашылығымды білдіріп, алғыс айттым. Газетке міндетті түрде көлемді мақала жазатынымды айттым.

Болат Камила,

«Жас қаламгер» үйірмесінің жеткіншегі



# Оқушылар сарайының жетістіктері

2019-2020 оқу жылы жаңа белестерге толы болды: Баланың жан-жақты дамып, үлгерімдерінің жоғарылауына септігін тигізер бірден бір көмек құралы – байқау. Білікті мамандардан тәлім алу арқылы бірі көркемсөз шебері атанса, енді бірі әнші-биші, жалпы жан-жақты көптеген бағыттар бойынша жоғарыдан көрініп жүр. Үйірме жеткіншектері халықаралық, республикалық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетті.

Атап айтсақ:

Халықаралық өнер байқауының жүлдегерлерінің саны – 63. Оның ішінде: Венгрия мемлекеті Дьер қаласында өткен Халықаралық «World Robot Olimpiad 2019» олимпиадасы, «Ғұмырдария», «Премия нового формата 2020-2021г», «Таланты Казахстана», «Абай және Мұқағали оқулары атты онлайн байқау-фестиваль», «Бала шабыты», «Қазақстан таланттары» сияқты байқаулардың жеңімпаздары.

Республикалық байқауларда өнер көрсеткен өнерпаздардың жалпы орын саны – 142. Оның ішінде: «Дала сазы» «Ақжелең», «Қазақстан чемпионаты», «Мәңгілік Ел альптары», «Жеті өнер» «Бақытты елдің ұрпағы», «Желбіре Жеңіс Жалауы» «Қазақтың қайсар ұлдары», «Елімнің өнерлі жастары», «Әдемі әріптер», «Клевер» тәрізді байқау-олимпиадаларға ғана емес, шаңғы тебуден ҚР-ның чемпионатына да қатысып, жоғары нәтиже көрсетуде.

Облыстық өнер байқауларының жалпы орын саны – 90. Оның ішінде: «Бала әлемі» және биология, химия, физика, математика, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мамандары пәнаралық қашықтықтан өтетін онлайн олимпиадаларға шәкірт дайындап, оң нәтиже беруде.

Қалалық деңгейде өткен байқаудың жалпы орын саны – 3. «Оранжевый мяч» деген атауда ұйымдастырылған байқауға (турнир) жас теннисшілер қатысып, үздік деп танылды.

**Халықаралық:** Венгрия мемлекеті Дьер қаласында өткен Халықаралық «World Robot Olimpiad 2019» олимпиадасына қатысқан ғылыми өнертапқыштар үздік 3-орынды иеленді. Халықаралық «Ғұмырдария» өнер байқауында «Көркем сөз» номинациясы «Тележурналистика» үйірмесінің жеткіншегі Нурисламқызы Марзия 1-орын, Жұмахан Әмина 2-орын, «Премия нового формата 2020-2021г» байқауында «Мелоди кидс» вокалды студия, Үлгілі хореографиялық «Солнышко» би ансамблі, «Бейнелеу өнері», Қолөнер, «Домбырамен ән салу» сынды үйірме бағыттары бойынша бас жүлде, бірінші орын иегерлері атанды. «Абай және Мұқағали оқулары атты онлайн байқау-фестиваль» Марат Бейбарыс 1-орын, Ғали Амина 3-орын, Молдағали Аяулым 2-орын, Дузумбаев Дархан 3-орын, «Бала шабыты» Бахытжан Ислам 1-орын, «Қазақстан таланттары» Үлгілі хореографиялық «Солнышко» би ансамблі бас жүлдені иеленді.

**Республикалық:** XII «Дала сазы» байқауында «Ертегі әлемі» Қуыршақ театры, Үлгілі хореографиялық «Солнышко» би ансамблі, «Домбырамен ән салу», «Юная модель», «Бейнелеу өнері», «Сенді қолөнер», «Робототехника», «Мелоди Кидс», «Унисон», вокал үйірмелерінің жеткіншектері бас жүлде, сондай-ақ 1-2 орын иегерлері атанды. «Ақжелең» өнер байқауында Жеңісбай Нұршат, «Мұрагер» домбырашылар ансамблі бас жүлде, Жарлықасынқызы Аяулым, Қуандық Ақбота 1-орын иегері болды. Шахматтан Қазақстан Чемпионаты өтіп Қалиахмет Елназ бас жүлде, Закирова Айша 1-орын иегері. «Әдемі әріптер» байқауында 1-орын Дюзгенбаева Сара. «Мәңгілік Ел альптары» байқауында номинациялар бойынша Еркінқызы Ақмарал, Бобрусова Лидия, Серік Айзере, Кеңес Меруерт, Тоқтарбай Каусар, Тұрсынахмет Бекзат бас жүлде, Мукумова Эмилия, Қадырбаев Қайрат, Асылбекқызы Асель 1-орын, Кажы Айлин 2-жүлделі орын иегерлері болды. «Жеті өнер» байқауында «Ертегі әлемі» қуыршақ театры, жас қаламгер, жас ақын үйірме жеткіншектері қатысып жүлделі орындарды иеленді. Туристік бағыт бойынша қызмет ететін педагогтар да «жас туристерді» әр түрлі жарыстар мен байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарды алып үлгерді. Соның бірі Ақмола облысында өткен шаңғы тебуден ҚР-ның чемпионатынан 6-шы орынды иеленуі. Наурыз айынан бастап үйірме жеткіншектері түрлі онлайн байқауларға қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетіп жүрді. Олар: қуыршақ театры, орыс тілі, көркем жазу және жылдам оқу, домбырамен ән салу, биология, физика үйірмелері белсенді қатысып отырды. «Желбіре Жеңіс жалауы!» онлайн өнер байқауы Сарсен Мухаметқали, Молдағали Аяулым, Батыржанқызы Балжан 2- орын иегерлері атанды.

**Облыстық:** «А.Құнанбаевтың 175 жылдығына» орай ұйымдастырылған «Бала әлемі-2020» аймақтық байқауында әртүрлі номинациялар бойынша вокал, қолөнер, хореография, жас ақын, робототехника, бейнелеу өнері, жас қаламгер үйірмелері қатысып, бас жүлде, 1,2 орын иеленді.

Қашықтықтан оқытылған мерзім аралығында өткен онлайн байқаулардан да үздік деп танылып, бірнеше Республикалық және Халықаралық байқауларда жеңіске жетудеміз. «Ұлы Жеңістің 75 жылдығына» орай Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткен «Бала әлемі-онлайн» байқауға да қала мектептері мен Ақсу, Қаратал аудандарының оқушылары қатысып жүлделі орын иегерлері атанды.



*С 1 июня во Дворце школьников действует летняя школа рисования «Золотая палитра» Юные художники рисуют удивительные, солнечные рисунки. Все работали с удовольствием! Один из важнейших аспектов пленерной практики – научить ребят видеть прекрасное в обыденном, развить тонкость восприятия мира, наблюдательность, красоту нашего Родного края - Жетысу.*

Руководитель кружка: Лелюйко Тамара Александровна

## ЖАҢЫЛПАШТАР

Ою ою ойым бар-ды,  
Ойналмастан ойын қалды.  
Орындалмай ойымдағы  
Ойылмады ою-дағы.  
Орашалақ, олақпын ба,  
Оя алмадым оюларды?

Асан бақша жақтан.  
Ақ сабақ асқабақ әкелді,  
Басқа жақтан.  
Басқарақ асқабақ әкелді.


Ала-ала алашалар,  
Тамаша олар,  
Оған кім таласа алар.

Біреуі көрікті кісі,  
Біреуі бөрікті кісі.  
Көрікті кісі – зорықты,  
Бөрікті кісі – қорықты.

Топпақ жаттап,  
Айтсақ жақсы-ақ.  
Жатқа тақпақ  
Жатта тақ-тақ

Қондық жаңа қонысқа,  
Қалың екен жоңышқа.  
Қоныстағы жоңышқа,  
Оралады қонышқа!

Кермеде тұр қырық кір  
қыстырғыш,  
Қырық кір қыстырғышқа  
Қырық қыз келіп, кір  
қыстырды.  
Ата мен әже, ана да,  
Алма мен алмұрт тереді,  
Ауырға Арман бала да,  
Арбамен тасып береді.  
Баланың жаман баға  
алмағаны,  
Мұғалім ағаның жаман  
болмағаны.  
Қоғанбай қомағай ма?  
Жоқ, ағай  
Қоғанбай қомағай емес,  
Зор ағай.



Сұрақ-жауап:  
Азық-түлік дүкенінде нелер бар?





**БАЛА  
ӘЛЕМІ**

*Оқушылар сарайының оқу - әдістемелік және балаларға арналған шығармашылық,  
танымдық журнал*

*2019 жылдың сәуір айынан шығады.*

*Таралымы - 20 дана*

*Шығарушы және меншік иесі: Талдықорған қаласының “Оқушылар сарайы” МКҚК*

*Редакторы: Алмагүл Бақытжанқызы Арапова*

*Безендіруші-дизайнер: Әсел Айдарқызы Мухамадиева*

*Беттерді дайындаған: Айгерім Бериковна Сейдахметова*

*Редакцияның мекен-жайы: Талдықорған қаласы Қонаев көшесі, 51*

*Байланыс телефоны: 87282 40 13 25, 8 7282 40 13 38*

*E-mail: dvoretsshkol\_tald@mail.ru*

*Сайт: bala-alemi.kz*